

Әбдіркенова А.Қ., магистрант  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

**ЖОО-да І.ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» РОМАНЫНДАҒЫ  
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ҚОЛДАНУДАҒЫ  
КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ОҚЫТЫЛУЫ**

«Халықтың жүрегін тазарту үшін, далама адамшылықтың дәнін септім...» деп А.Байтұрсынұлы өзі жырлағандай болашақ мұғалімдерді оқытып - тәрбиелеу мәселесінде жан-жақты жетілген, оқытудың озық үрдісі мен тиімді жолдарын меңгерген адамгершілікті ұстанған мұғалімдер шығаруымыз керек.

Қазіргі таңда фразеологияны оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі қалыптастыру – өзекті мәселенің бірі.

Тілдің лексикасында қаралатын бірліктерден (жеке сөздерден) басқа тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері деп аталатын неғұрлым күрделі ерекше түрі қалыптасқан. Бұларды тіл білімінің фразеология саласы зерттейді. Фразеология термині (грек. phrasis сөйлемше және logos сөз, ілім сөздерінен шыққан) қазіргі тіл білімінде, біріншіден, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екіншіден, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы дегенді білдіреді.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің арнайы зерттелуі ХХ ғасырдың 40 -жылдарында І.Кеңесбаев еңбектерінен басталады. І.Кеңесбаев қазақ тіл білімінде фразеологияның негізін салды.[2;156]

1988 жылы Х.Қожахметова, Р.Е. Жайсақова, Ш.О.Қожахметова 2300-ден артық фразеологизмдерді қамтитын орысша-қазақша сөздік шығарды. Онда қазақтың ұлттық менталитетін, ерекшелігін білдіретін, көркем әдебиетте, сөйлеу тілінде жиі қолданылатын айқын, мәнерлі фразеологизмдер орыс фразеологизмімен салыстырылып берілген.[4;89]

Фразеологизмдер – халқымыздың өткен ұрпақтары тілінің де, қазіргісінің де тарихы іспетті.

Тіліміздегі фразеологиялық тіркестер – лексиканың ең бір айшықты бір саласы. Бұлар өзінің экспрессивті – эмоциялық әсерлігімен көзге түседі. Фразеологиялық тіркестер мәнерлілік қасиетіне орай көркем шығармада мольна қолданылады. Сондықтан оларды көркем шығармаларды өткенде, идеялық мазмұнымен байланыстыра отырып, көркем образ жасаудағы қызметін аша көрсетіп үйрету қажет. Көркем туындыдағы фразеологиялық тіркесті басқа да көркемдеу тәсілімен салыстыра талдатып оқыту студенттердің тіл байлығын арттыруға, ойын өрістетуге, көркемдік талғамын ұштауға жәрдемін тигізеді.

Жоғарғы оқу орындарының филология факультеттерінде қазіргі қазақ тілінің лексикология курсына фразеологиялық тіркестердің теориялық анықтамалары мен зерттеу тарихы тереңдетіліп өтіледі. Сондай-ақ, стилистика курсына фразеологиялық тіркестердің стильдік қызметіне баса көңіл аударып, оның көркем шығармада атқаратын көркемдік қызметіне байланысты студенттерге арнайы курс жұмыстарына тақырыптар да беріледі.

«Өзінің образдылығымен, айшықты мәнділігімен көзге түсетін фразеологизмдер әрбір ұлт тілінің ерекше көрінісі болып табылады. Фразеологизмдерді шығармада мол қолданылудың өзі ұлттық характердің айқын белгісін көрсетеді»[3;247]

Жалпы халық тілінің фразеологиялық құрамының молығып, толығында да көркем сөз шеберлерінің рөлі ерекше.

І.Есенберлин халық тілінің фразеологиялық байлығын мол түрде қолданады.

Біз жазушының тіл ерекшелігі мен стилін жан-жақты қамти талдауды көздейміз.

Олар төмендегі мақсаттарда жұмсалған:

- кейіпкерлердің психологиялық күйініш-сүйініштерін, ой әсерлерін, рухани жан дүниесін нақты да, нәзік бейнелеуге тандап, жалғап жұмсайды: «Сөйткен Шыңғысхан ұрпағынан шыққан Әбілхайыр хан болса енді мынау, бір жігіттің тағдырын шеше алмай жаураған торғайдай құты қашып тұр [«Көшпенділер» I том; 27-бет]. «Бұның бәрін істеген қара құлдардан шыққан батыр, әскер қолбасшылары.Осыдан кейін қара қазаққа, құлдарға ерік ерек беруге бола ма? Жоқ, болмайды. Әбілхайыр тағы қабағын қарс жапты» [«Көшпенділер» I том; 34-бет].

- бұл сөйлемдердегі қарамен берілген фразеологизмдер кейіпкерлердің психологиялық толғанысын әсерлі де мәнерлі жеткізе отырып, олардың мінезіндегі қат-қабат қырларын аша түседі.

- автор кейбір ситуацияға қарай кейіпкерлердің көңіл - күйін, психологиялық моментін эмоциялы, бояуы күшті фразеологизмдерді жұмсай отырып, не бір нәзік жайттарды нақышты, нақты етіп жеткізеді (мысал, жоғардан алынады, 2 сөйлем)

«Бойын билей жөнелген ашу, нағыз бір аузы-мұрнын кигізбен қаптағай тұншықтырып әкетіп барады. «Бұл не дегенің? Әбілқайыр екі көзі қанталап сүзетін бұқадай түйілге қабағының астынан қарады» [«Көшпенділер» I том; 46-бет]. «Хан күлімсіреді де қойды. Кенет оның көзі есікке таяу тұрған Керейдің он жеті жасар баласы Бұрындыққа түсіп кетті. Жүрегі дір ете қалды. Ананың бет құбылысында жеті жасар Мұхамед-Шайбаниға деген аязданған қар тәрізді бір алуан өшпендік ызғары байқалады. Шүнет

көздері шоқтай қадалып тұр» [«Көшпенділер» I том; 41-бет]. «Қара қыпшақ қобыландыдан қалған жау жүрек бықыған айбарлы қыпшақ жұрты тұр [«Көшпенділер» I том; 30-бет].

Осы келтірілген фразеологизмдердің кейіпкерлердің алуан түрлі психологиялық жай күйін: **кейіс, реніш, ыза, кек** тәріздес тебіреністерін суреттеуде әсері күшті, бояуы қанық шыққан.

- портрет жасауға, сол арқылы кейіпкердің ішкі дүниесін ашу үшін: «Раблу- Сұлтан- Бегіледей ерекше салтанатымен емес, Жаған өз келбетімен, жасынан ат құлағында ойнап өскен көшпелі елдің қызы екенін көрсетіп тұрған ерекше отырысымен, қамшыны сипай тартқан болмысымен көздің құртын жейді [«Көшпенділер» I том; 22-бет].

«Бірақ бірінен соң бірі тізбектелген ауыр ойлар, соңынан ерген жетім күшіктей, қалмай қойды» [«Көшпенділер» I том; 13-бет].

Фразеологиялық тіркестер алуан түрлі бола тұрсада, бұлардың барлығына ортақ қасиет – тұжырымдылық. Аз сөзге көп мағына беріп, қортынды ретінде қолданылады.

Бұл тұрақты тіркестердің қай-қайсысы да, мейлі фразеологиялық түйдектер (мақал-мәтел) болсын, мейлі фразеологиялық тұтастықтар, бірліктер, тізбектер болсын, автордың сөз саптау тәсіліне қарай, экспрессивті – эмоциялы рең ашыла түсіп, нысаналы ойға дөп келіп отырады.

Жазушы өз шығармасында фразеологиялық тіркестерді орайын тауып молынан қолданылуы шығарманың тілін әрі бай, әрі әрлі, әрі оқушыға әсерлі етеді.

Сөйтіп, жалпы фразеологиялы тіркестер жазушының көріктеу тәсілінің ең басты амалының бірі.

І.Есенберлин шығармасының фразеологизмдер алуан түрлі көркемдік қызмет атқарады, яғни кейіпкерге мінездеме беру, күрделі оқиға тартысын немесе тарихи жағдайға қоры-

тынды баға беруде, кейіпкер психологиялық жай-күйді, эмоциялы-экспрессивті түрде суреттеуді суреткердің тіл шеберлігін, даралық стиль ерекшелігінің бір көрінісін байқатады.

Фразеологизмдер көркем шығарма тілін жандандырумен бірге шығарма тіліне ұлттық белгіні де береді.

Жазушы тілі бай, образды, ойлы суреттері де жарқын, нақты. Оның тілдік образдары түгелдей қазақ ұғымына лайықты. Кейіпкерлерді сөйлету кезінде көп ойлана отырып, түйдек-түйдек ой тастайды. Өмір шындығын мол қамтып, байсалдылықпен кең суреттеу орын алады. Сонымен бірге жазушы өзінің ойлау парасатымен суреткерлік шеберлігін жоғары деңгейде ұстай отырып, оқырманға үлкен мұра ұсынады.

Біздің нысанаға алынған көркем шығармадағы фразеологияларды оқыту барысында барлық сөз тіркестері айшықты, көркем образдармен суреттеледі. Осы орайда, студенттерді оқыту барысында көркем шығармадағы тұрақты сөзтіркестеріндегі авторлық, стильдік қолданысын көрсетуді басты назарға алсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есенберлин І. Көшпенділер. I кітап Алмас Қылыш. Алматы, Жазушы, 1976.
2. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 2004.
3. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Мектеп; Алматы, 1972.
4. Қалиева Г. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 2003.

**Бабенко Е.В.**, кандидат филологических наук, доцент  
Костанайский государственный педагогический институт

#### НЕТРАДИЦИОННЫЕ УРОКИ КАК ДВИЖУЩАЯ СИЛА УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА

В современных условиях развития общества, быстрого накопления информации невозможно обучить человека на всю жизнь, самое важное зародить в нем интерес к накоплению знаний, к самообразованию, саморазвитию. С поиском лучшего преподнесения нового учебного материала, проверки знаний, повышения мотивации к процессу обучения, педагоги столкнулись с таким понятием, как нестандартные уроки. В современной психолого-педагогической и методической литературе понятие «нестандартная форма урока» до сих пор не имеет четкого определения. Стоит отметить обилие синонимов, среди которых - «нестандартный урок», «нетрадиционные технологии урока». Весьма распространено определение нетрадиционного урока как *импровизированного учебного занятия, име-*

*ющего нетрадиционную (неустановленную) структуру.* [1, 20] Мнение педагогов на нестандартные уроки расходятся: одни видят в них прогресс в педагогической мысли, правильный шаг в направлении демократизации школы, а другие считают, что такие уроки являются опасным нарушением педагогических принципов, вынужденным отступлением педагогов под напором обленившихся учеников, не имеющих серьезно трудиться.

Основные черты высокопроизводительного, результативного урока:

- создание и поддержание высокого уровня познавательного интереса и самостоятельной умственной активности учащихся;
- экономное и целесообразное расходование времени на уроке;